

Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 877 шешімінің 3-тармағына өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 21 маусымдағы № 103 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 52-бабына, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 29-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Кеден одағы Комиссиясының "Кеден одағының "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентін қабылдау туралы" шешімінің 3-тармағы мынадай мазмұндағы 3.5-тармақшамен толықтырылсын:

"3.5. Техникалық регламенттің 46 және 47-тармақтарында көзделген жоспарлы бақылауды жүргізу мерзімі 2022 жылы басталған жағдайда, өтініш берушінің өтініші бойынша сертификаттау жөніндегі орган сертификатталған өнімді өндірудің технологиялық процесінің және өнімге арналған техникалық құжаттаманың өзгермейтіндігі расталған кезде мұндай бақылауды жүргізуді 12 айға дейін мерзімге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы."

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан
М. Григорян	И. Петришенко	Б. Сұлтанов	А. Касымалиев	А. Оверчук